

**ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГЫ**  
**БАКАЛАВРИАТ ДЕҢГЕЙІ**  
**«6B05202-Қоршаған орта (Экология)»**

Пән-дер циклі	Пән атауы және олардың негізгі бөлімдері	Оқу көлемі (ECTS)
<b>ЖБП 1</b>	<b>ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ПӘНДЕР ЦИКЛЫ (ЖБП)</b>	<b>5</b>
1.	<b>Экономика және бизнес негіздері</b>	<b>5</b>
	Қоғамдық өндіріс. Капиталдың мәні, формалары, құрылымы. Өндіріс шығындары. Нарықтық экономикадағы өндіріс кірістері. Бизнес түсінігі. Кәсіпкерлік қызмет түрлері. Меншік теориясы, шаруашылық жүргізудің қоғамдық формалары. Тауар, ақша. Қоғамдық экономикалық жүйе. Нарықтың пайда болуы. Қаржы жүйесі. Бизнесі дамытудағы мемлекеттің рөлі. Макроэкономика. Ресурс үнемдеу. Экономикалық дамудың циклілігі. Инфляция және жұмыссыздық. Қазақстан елімізді әлемдік шаруашылық байланыстар жүйесінде	
2.	<b>Құқық және жемқорлыққа қарсы мәдениеттің негіздері</b>	<b>5</b>
	Конституцияның, ҚР қолданыстағы заңнамасының негізгі ережелері; мемлекеттік басқару органдарының жүйесі, экономиканы мемлекеттік реттеудің өкілеттілік шеңбері, мақсаттары, әдістері, экономикадағы мемлекеттік сектордың рөлі; қаржылық құқық және қаржы; материалдық және іс жүргізу құқығының өзара іс-қимыл тетігі; сыбайлас жемқорлықтың мәні, оның шығу себептері; сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін моральдық-адамгершілік, құқықтық жауапкершілік шаралары; сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы қолданыстағы заңнама	
3.	<b>Адамның тіршілік әрекетінің қауіпсіздігі</b>	<b>5</b>
	Өмір тіршілігінің қауіпсіздігі, оның негізгі ережелері. Қауіптер, Төтенше жағдайлар. Тәуекелді талдау, тәуекелдерді басқару. Адам қауіпсіздігі жүйелері. Қазіргі заманғы тұрақсыздандыру факторлары. Әлеуметтік қауіптер, олардан қорғау: рухани саладағы, саясаттағы қауіптер, олардан қорғау: экономикалық саладағы қауіптер, тұрмыстағы, күнделікті өмірдегі қауіптер. Тіршілік әрекетінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету және олардың қызметін құқықтық реттеу органдарының жүйесі	
4.	<b>Экология және тұрақты даму</b>	<b>5</b>
	Тірі организмдердің, түрлі деңгейде ұйымдасқан экожүйелердің, бүтін биосфераның негізгі тіршілік ету заңдылықтары, олардың тұрақтылығы; биосфера компоненттерінің қатынасы және табиғат пайдаланудың қарқындылығы салдарынан адам шаруашылық іс әрекетінің экологиялық зардаптары; ҚР және дүние жүзі бойынша тұрақты дамуға ккшу тұжырымдамасы, стратегиялар мен міндеттер; экологиялық проблемалар, қоршаған ортаны қорғау, тұрақты даму	
<b>БП 2</b>	<b>БАЗАЛЫҚ ПӘНДЕР ЦИКЛІ (БП)</b>	
1.	<b>Қоршаған орта және Қазақстанның тұрақты дамуы (ағылшын тілінде)</b>	<b>5</b>
	Қазақстанның қысқаша физикалық-географиялық сипаттамасы; ластанудың Қазақстанның қоршаған ортасына әсері; адам қызметінің экологиялық салдары; экологиялық апат және экологиялық апат аймақтары; Қазақстан Республикасында қоршаған ортаны қорғау; қоғамның орнықты	

	дамуы мүддесіндегі Қазақстанның халықаралық және өңірлік ынтымақтастығы	
	<b>Қазақстанның биоресурстары</b>	<b>5</b>
	Қазақстан экожүйесінің негізгі компоненттері. Биологиялық алуантүрлілікті сақтау мәселелері. Биологиялық алуантүрлілікті сақтауды зерттеу барысындағы мониторингтік зерттеулерді жүргізу принциптері. Нақты фитоценоздарды тиімді пайдалану. Шөлденуге қарсы күрес жүргізу бағдарламалары. Қазақстанның биологиялық алуантүрлілікті сақтау заңдылықтары. Қазақстанның өсімдік жамылғысын тиімді пайдалану проблемасы. Сирек және жойылып бара жатқан түрлерді қорғау	
<b>2.</b>	<b>Қазақстанның физикалық географиясы</b>	<b>5</b>
	Қазақстанның физикалық-географиялық сипаттамасы: елдің географиялық орналасуы және табиғи компоненттер: рельеф, геологиялық құрылыс, климат, ішкі сулары, топырақ, табиғи аймақтар, өсімдік және жануарлар әлемі; Қазақстанның ірі физикалық-географиялық аумағының сипаттамасы: табиғи-аумақтық кешендер; табиғатты қорғау және Қазақстанның табиғи ресурстарын тиімді пайдалану: қоршаған орта экологиясы, республиканың жер қойнауын тиімді пайдалану, табиғат ескерткіштерін қорғау мәселелері; Қазақстанның табиғи ресурстарын тиімді пайдалану және қорғау	
	<b>Ландшафттану</b>	<b>5</b>
	Қоршаған табиғат жағдайының пайда болуын, өзгерістерін, оған әсер етуші табиғи және антропогендік күштердің әсер ету мүмкіншілігін зерттеу. Жердің ландшафттық сферасының барлық табиғи компоненттерінің біртұтас бірлігі туралы түсінік беру. Бір-бірімен тығыз байланыста болатын табиғи жүйелердің құрылымын, эволюциялық даму ерекшелігі мен динамикалық өзгерістерін зерттеу	
<b>3.</b>	<b>Табиғатты пайдалану экологиясы және экономикасы</b>	<b>5</b>
	Табиғатты пайдалану негіздері, атмосфера, Геоэкология, биогеография, табиғатты пайдалану жүйелері, техногендік жүйелер және экологиялық қауіп, аймақтық табиғатты пайдалану туралы оқу. Табиғат пайдалануды және қоршаған ортаны қорғауды басқару. Табиғатты пайдалануды басқаруды ұйымдастыру. Табиғатты пайдалануды басқару әдістері. Кәсіпорын деңгейінде табиғатты пайдалану. Кәсіпорында табиғатты пайдалануды ұйымдастыру және басқару. Кәсіпорынның экологиялық стандарты. Экологиялық кәсіпкерліктің негізгі түрлері, экологиялық нарық құрылымы. Экологиялық кәсіпкерліктің функциялары мен формалары	
	<b>Қазақстан экожүйесі географиясы</b>	<b>5</b>
	Қазақстан экожүйесі географиясы курсына кіріспе, курстың мақсаты мен міндеттері, Геоэкологиялық ұғымдардың тарихи қалыптасуы, Қоршаған орта және Қазақстанның қоршаған ортасының жағдайы, Қоршаған ортадағы географиялық және экологиялық процесстер. Қазақстанның өндірістік және ауылшаруашылық өндірісінің қоршаған ортаға әсері. Жасыл экономиканы дамыту проблемалары	
<b>4.</b>	<b>Биосфера туралы ілім</b>	<b>5</b>
	Жердің басқа салалары арасындағы биосфераның жағдайы; "тірі зат" түсінігі, оның таралуы және алуан түрлілігі, биосферадағы тірі организмдердің негізгі функциялары мен геологиялық қызметі; биогеоценоз	

	туралы түсінік, биосферадағы энергия балансы және заттардың айналымы; биосфераның эволюциясы; В. И. Вернадский бойынша ноосфера туралы түсінік, биосфераға антропогендік әсер ету	
	<b>Биологиялық экология</b>	
	Тірі организмдердің алуантүрлілігі. Климаттық аймақтылық. Популяция және биологиялық түр туралы түсінік. Популяцияның статистика-лық сипаттамалары. Популяция санының реттелуі және ауытқулары. Гендер ағымы. Гендер дрейфі. Синэкологияның негізгі түсініктері. Экожүйелер, биогеоценоз. Экожүйенің трофикалық құрылымы. Экожүйенің энергетикалық балансы. Экожүйелердің тұтастығы мен орнықтылығы. Биосфераның құрылымы, эволюциясы және орнықтылық шарттары. Табиғатты және биоалуантүрлілікті қорғау мен биологиялық ресурстарды пайдаланудың экологиялық принциптері	
<b>5.</b>	<b>Адам экологиясы</b>	<b>5</b>
	Адам экологиясының пәні мен әдістері; адам экологиясы туралы ғылыми идеялар мен түсініктерді дамыту; әлеуметтік және медициналық-биологиялық деңгейлердегі адам экологиясы саласындағы зерттеулердің қазіргі заманғы бағыттары; адам экологиясындағы ұғымдар жүйесі; табиғи және антропогендік факторлар және олардың адам денсаулығына әсері, адамның қоршаған орта жағдайына бейімделуі; адам экологиясының әлеуметтік аспектілері	
	<b>Қала экологиясы</b>	<b>5</b>
	Урбэкологияның экология ғылымындағы алатын орны. Урбэкологияның даму тарихы. Қалалардың экологиялық ерекшеліктері. Экологиялық факторлар және адам экологиясы. Географиялық ортаның Адам денсаулығына әсері. Күннің активтігі, магниттік дауылдар. Стресс туындататын факторлар. Адам онтогенезі. Радиацияның адам денсаулығына әсері. Қоршаған ортаның геофизикалық факторларының адам денсаулығына әсері. Демография және Адам экологиясы. Дүние жүзілік тамақтану және азық-түлік мәселесі. Демография және адам экологиясы. Атмосфераның ластануына байланысты туындайтын аурулар	
<b>6.</b>	<b>Су жүйелерінің экологиясы</b>	<b>5</b>
	Су экологиясы пәні, мақсаты және міндеттері (су экожүйелерінің экологиясы). Негізгі ұғымдар мен анықтамалар. Су экологиясы мен гидробиологияның ортақтығы мен айырмашылықтары (мақсаты, теориялық және практикалық міндеттері, зерттеу әдістері). Су экологиясының негізгі заңдары мен принциптері. Су экожүйелерінің негізгі түрлері. Су экожүйелерін ұйымдастыру. Су экожүйелерінің негізгі абиотикалық факторлары. Гидробионттардың тіршілік әрекетіне әсер ететін судың қасиеттері. Су айналымы. Биотикалық компоненттер	
	<b>Ядролық полигондар экологиясы</b>	<b>5</b>
	СИЯП құрылу тарихы, ядролық сынақтардың адам денсаулығы мен табиғи экожүйелердің экологиялық жағдайына әсері. Радиациялық ластану жолдары. Мишеннің теориясы. Радиациялық ластану қауіптілігі, әсері. Иондық сәулелену, деңгейлері. Қорғану тәсілдері. Адамның радиациялық зақымданулары. Жер беті экожүйелері. Тұщы су экожүйелері. Қазақстанның радиоэкологиялық мәселелері	
<b>7.</b>	<b>Зерттеудің физико-химиялық әдістері</b>	<b>4</b>
	Аналитикалық процестің барысы. Ерітінділер. Бөлшек және жүйелі	

	сапалы талдау. Иондарды сәйкестендіру үшін қолданылатын реакцияларды класификациялау. Гравиметрия және шөгінді титрлеу. Қышқыл негізді титрлеу. Тотығу қалпына келтіру титрлеу (Редоксиметрия). Комплексонометриялық титрлеу. Электрохимиялық талдау әдістері. Оптикалық талдау әдістері. Талдаудың хроматографиялық әдістері. Талдау нәтижелерін математикалық өңдеу	
	<b>Мұнай химиясының экологиялық проблемалары</b>	<b>4</b>
	Дүниежүзіндегі ірі мұнай өндіру және өңдеу орындары. Мұнай және мұнай өнімдерінің қоршаған ортаға түсуі және оның зардаптары. Әлемдік мұхиттардың мұнаймен ластану проблемалары. Қазақстандағы мұнай -газ шаруашылығы. Каспий теңізінің мұнаймен ластануы. Су қорын мұнаймен ластанудан қорғау шаралары. Топырақ және оның мұнай өнімдерімен ластауының алдын алу	
<b>8.</b>	<b>Өсімдіктер және жануарлар экологиясы</b>	<b>4</b>
	Организмдер мен ортаның өзара қарым-қатынасының жалпы заңдылықтары. Орта жағдайларына қатысты өсімдіктердің экологиялық топтары. Өсімдіктердің терморегуляциясының морфологиялық және физиологиялық механизмдері. Өсімдіктерге абиотикалық және биотикалық факторлар. Организмдер мен ортаның өзара әрекеттесуінің жалпы заңдылықтары. Жануарлардың орта жағдайына физиологиялық және морфологиялық бейімделуі. Шектеуші факторлар, олардың экологиялық маңызы. Популяциялардың кеңістіктік құрылымы және оның бейімделу маңызы. Жануарлар санын болжаудың теориялық негіздері	
	<b>Қазақстан Республикасының өсімдік және жануарлар ресурстары</b>	<b>4</b>
	Өсімдіктерді зерттеу; есепке алу; ағаштар мен бұталардың тұқымынан және көшеттерден орман өсіру, орманды жаңартып отыру; орманды күту; сүрек дайындау, оны кесіп, реттеу; питомниктерде көшет өсіру; суландыру; орманды өрттен, зиянкестер мен түрлі аурулардан қорғау; саңырауқұлақ, ағаш шырынын жинау; ағашқа және орман өнімдеріне деген халық шаруашылығына қажетті өсімдік ресурсын тиімді пайдалану шаралары. Жануарлар әлеміне жалпы сипаттама. Жануарлардың дауысы. Жануарлардың жүзуі. Жануарлардың қорғаныш бейімділігі. Жануарлардың қыстап шығуы. Жануарлардың ұшуы. Жануарлардың қоныс аударуы. Жануарлардың ұйқысы. Жануарлар анатомиясы. Жануарлар биохимиясы. Жануарлар гистологиясы. Жануарлар эмбриологиясы. Жануарлар генетикасы. Жануарлар морфологиясы. Жануарларды сұрыптау. Жануарлар физиологиясы. Жануарлар экологиясы	
<b>9.</b>	<b>Экологиялық биотехнология</b>	<b>5</b>
	Биотехнология туралы түсінік, оның дамуының қысқаша тарихы; ғылыми-техникалық прогрестің пәнаралық саласы ретінде қазіргі биотехнологияның негізгі бағыттары; биотехнологиялық өндіріс технологиялары; қоршаған ортаны қорғау проблемаларын шешуде биотехнологияны пайдалану: сарқынды суларды, атмосфераны, топырақты тазарту; энергетика мен ауыл шаруашылығындағы биотехнологиялық баламалар	
	<b>Ауыл шаруашылығы биотехнологиясы</b>	<b>5</b>
	Биотехнологияның даму тарихы. Табиғи сулардың классификациясы және ластану түрлері. Суқоймалардың эвтрофикациясы. Тұщы су мен теңіз суқоймаларының экожүйесі. Суқоймалардың өзіндік тазалануы.	

	Өнеркәсіптік сарқынды судың құрамы мен қасиеті. Өнеркәсіптік сарқынды суды биотехнологиялық тазалау. Қатты қалдықтарды өңдеу биотехнологиясы. Минералдық шикізатты бактериалдық сілтісіздендіру	
10.	<b>Өлшеу, стандарттау және сертификаттау</b>	<b>5</b>
	Метрология, стандарттау және сертификаттау мақсаттары мен міндеттері. Стандарттау, сертификаттау және метрология дамуының тарихы. Өлшеу теориясының негіздері; өлшеу жүйелерін тексеру және калибрлеу; сертификаттауды жүргізу ережелері мен тәртібі; міндетті және ерікті сертификаттау; бақылаудың әртүрлі әдістері: эксперимент; талдау; синтез; модельдеу; жүйелеу; жіктеу; және т. б.	
	<b>Экологиядағы басқару мен ұйымдастыру</b>	<b>5</b>
	Экологиядағы ұйымдастыру және басқару. Табиғат пайдалануды басқару мен ұйымдастырудың экологиялық негіздері. Экологиялық реттеудегі табиғат пайдалануды басқару. Жаңа өндірістік материалдарды пайдаланудағы экологиялық-экономикалық проблемалар. Табиғат пайдалануды басқаратын мемлекеттік органдар	
11.	<b>Экологиялық сараптама және аудит негіздері</b>	<b>5</b>
	Бакалаврларды жобалардың экологиялық сараптамалары мен аудитін жүргізуге, өнеркәсіптік кәсіпорындардың экологиялық - аудиторлық тексерулерін жүргізуге қатысуға дайындау; техносфералық қауіпсіздік саласында нормативтік-құқықтық және техникалық реттеу туралы түсінік қалыптастыру; қадағалау бойынша мемлекеттік функцияларды орындау бойынша әкімшілік рәсімдерді жоспарлауға және жүзеге асыруға, объектілердің қауіпсіз жағдайына тексеру және тексеру жүргізуге, негізгі құжаттарды құрастыруға және ресімдеуге үйрету	
	<b>Қолданбалы экология</b>	<b>5</b>
	Қоғамының индустризациялануының алғы шарттары; қоршаған ортаның табиғат ресурстарын үнемдеп пайдалану тәжірибелері мен көзқарастар; Ресурсүнемдеуші технологиялар мен аппаратуралардың жұмыс істеу мүмкіндіктері; Өнеркәсіптік мекемелердегі экологияландырылған технологиялардың тиімділігі мен артықшылықтарын меңгеру; Биосфераның техногендік ластануының негізгі көздерін оқып меңгеру. Өнеркәсіптік кәсіпорындардан шығатын сарқынды сулардың құрамы	
12.	<b>Экологиядағы және табиғатты пайдаланудағы геоақпараттық жүйелер</b>	<b>6</b>
	ГАЗ және Геоинформатика ұғымдарының анықтамасы мен мазмұны. Экологиялық ақпаратты өңдеу және ұсынуда ГАЗ қолданудың өзектілігі. Геоэкологияда моделдеудің және талдаудың математикалық әдістерін қолдану туралы тарихи мәліметтер. ГАЗ негізгі функцияларының сипаттамасы. Аумақтық қамту, мақсаттар, тақырып бойынша ГАЗ жіктелуі. Тіркеу. ГАЗ деректерді енгізу және сақтау	
	<b>Қазақстанның табиғат ресурстары және табиғатты тиімді пайдалану</b>	<b>6</b>
	Қоғам мен табиғат арасындағы қарым – қатынас; экономикалық, әлеуметтік – экономикалық үрдістердің қоршаған ортаға әсері және қоршаған ортаны тиімді пайдаланудың ұтымды жолдары мен озық тәжірибелер. Табиғат пайдалану экономикасының ғылыми жаратылыс және экономикалық негіздерін талдау; Қазақстан Республикасының табиғи ресурстық потенциалына және экологиялық мәселелеріне жалпы	

	сипаттама беру; Табиғатты пайдаланудың қазіргі экономикалық механизмі; Қазақстан Республикасында табиғатты пайдалану және қоршаған ортаны қорғау саласындағы басқару жүйесінің мәселелері мен келешегі. Табиғатты пайдаланудың теориялық мәселелері	
<b>КП 3</b>	<b>КӘСІПТІК ПӘНДЕР ЦИКЛІ (КП)</b>	
<b>1.</b>	<b>Қоршаған ортаға әсерді бағалау (ҚОӘБ)</b>	<b>4</b>
	Қоршаған ортаға әсерді бағалау түсінігі. Қоршаған ортаға әсерді бағалаудың құқықтық негізі. Қоршаған ортаға әсерді бағалауды жүргізу және олардың процедураны өткізу кезеңдері. Шағын кәсіпорындардың қоршаған ортаға әсерін және қоршаған ортаға әсерін бағалауды жүргізудің негізгі әдістері. Экологиялық тәуекелді анықтау және бағалау; экологиялық қауіпсіздікті сақтау	
	<b>Топырақ экологиясы</b>	<b>4</b>
	Топырақ түсінігі, құрлымы, топырақтың маңызы. Топырақ жамылғысының деградацияға ұшырау салдары. Шөлейттену – топырақтың ғаламдық экологиялық проблемасы. Топырақтың су балансы. Топырақ түзілудегі биологиялық факторлар. Топырақ түзілудегі микроорганизмдердің рөлі. Жер бедерінің топырақ түзілудегі рөлі. Топырақ түзілудегі ауа-райының әсері. Топырақ таралуының географиялық заңдылықтары. Топырақтың зоналар бойынша таралуы	
<b>2.</b>	<b>Антропогендік әсерлерді экологиялық нормалау</b>	<b>5</b>
	Экологиялық нормалау негіздері ОЖ әсер етуді басқару. Экологиялық нормалау. Шаруашылық қызметті экологиялық нормалаудың негізгі сипаттамалары. Өртүрлі табиғи ортаға әсер ету кезіндегі экологиялық нормалаудың негізгі сипаттамалары. Экожүйелердің тұрақтылығын сақтау үшін экологиялық нормалау. Ауа ортасының компоненттерінің сапасын нормалау. Су ортасы мен топырақ жағдайын нормалау	
	<b>Қоршаған ортаны қорғау және қорықтар ісі</b>	<b>5</b>
	Қоршаған ортаны қорғау түсінігі. Қазақстандағы қорықтар ісі. Қазақстан қорықтарының қазіргі экологиялық жай-күйі. Қазақстандағы табиғи ұлттық саябақтар, ондағы табиғат жағдайы және экологиясы. Қазақстандағы ерекше қорғауға арналған флора мен фауналар. Қорықтар, қорыққорлар, су қорғау белдемдері, табиғат ескерткіштері мен олардың қазіргі жағдайы	
<b>3.</b>	<b>Экологиялық болжау / Экологический прогноз / Ecological forecast</b>	<b>5</b>
	Кіріспе. Адам қызметінің түрлі деңгейдегі биоәсерлерге әсерін бағалау және болжау қажеттілігі. Болжаудың мақсаттары мен міндеттері. Болжаудың теориялық негіздері. Болжаудың әдіснамалық негіздері. Болжамдарды құрудың теориялық негіздері. "Болжам", "болжау" ұғымдары. Болжау әдістері. Сараптамалық бағалар. Экстраполирлеу және интерполирлеу. Нормативтік болжам. Қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді болжамдар	
	<b>Ауа бассейнінің экологиясы</b>	<b>5</b>
	Ауа бассейнінің ластану көздері, олардың экологиялық зардаптары. Атмосфераның ғаламдық және аймақтық экологиялық проблемалары. Атмосфера ресурстары және күн сәулелері. Табиғи ортаның сапалылығы. Су, жер, атмосфераның ауа сипаттары. Радиоактивті ластану, шу, тербеліс және электромагниттік әсерлер	
<b>4.</b>	<b>Қоршаған орта статистикасы және үлгілеу</b>	<b>4</b>

	<p>Геожүйенің статистикасы мен моделі табиғатты пайдаланудың ғылыми негізі ретінде. Модельдеу және статистика үрдісінің әдіснамалық және теориялық негіздері. Моделдер түрлері. Статистикалық ақпаратты жинау және өңдеу әдістері. Экологиялық зерттеу әдісі ретінде модельдеу. Кеңістіктік құрылымдарды моделдеудегі геоақпараттық тәсіл. Қоршаған ортаны математикалық модельдеу. Жергілікті және жаһандық табиғи процестердің статистикасы және моделдеу. Компьютерде модельдерді әзірлеудің және зерттеудің негізгі кезеңдері</p>	
	<p><b>Қазақстан Республикасының экологиялық құқығы</b></p>	<p><b>4</b></p>
	<p>Экологиялық құқық түсінігі, пәні. Экологиялық құқықтық тарихы, дамуы және болашағы. Табиғат объектілеріне меншік құқығы. Табиғатты пайдалану құқығы. Табиғатты пайдалану мен қоршаған ортаны қорғауды мемлекеттік басқарудың ұйымдық – құқықтық нысандары. ҚР экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің шаралары. Қоршаған ортаны қорғау туралы заңдарды бұзғаны үшін жауаптылық. Жерді құқықтық қорғау. Жер қойнауының құқықтық режимі және оны қорғау. Судың құқықтық режимі және оны қорғау. Атмосфералық ауаны құқықтық қорғау. Ормандардың құқықтық режимі және оларды қорғау. Жануарлар дүниесін пайдалану мен қорғаудың құқықтық режимі</p>	